



Арқалық қаласындағы облыстық
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

Төкпе өлеңнің шебері



/айтыскер ақын Әлпия Орманшина 70жаста/
(библиографиялық жаднама)

Арқалық, 2025

*«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

Төкпе өлеңнің шебері

/айтыскер ақын Әлпия Орманшина 70 жаста/

(библиографиялық жаднама)

ӘОЖ 791
ҚБЖ 85.33
Т 65

Құрастырушы: М.Г.Жумағалиева
Шығарылымға жауапты: Ж.К.Абжанова
Мұқабаны безендірген: М.Г.Жумағалиева
Редактор: С.А.Алматова

«Төкпе өлеңнің шебері» [Мәтін] : [айтыскер ақын Әлпия Орманшинаның 70 жасқа толуына орай әзірленген]: библиографиялық жаднама /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі ; [құраст.: М.Г.Жумағалиева ; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 20 б. – Сурет. – Қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі айтыс өнерінің саңылағы, төкпе өлеңнің шебері Әлпия Орманшинаға арнап библиографиялық жаднама дайындады.

Шағын жаднамада ақынның өмірі мен шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген. Бұл жаднама жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 791
ҚБЖ 85.33
© М.Г.Жумағалиева

Құрастырушыдан

Киелі Торғай даласы тума таланттарға кенде емес. Сол таланттардың бірі де бірегейі қазақтың тұңғыш аруана жетектеген ақыны Республикалық айтыстардың бірнеше дүркін лауреаты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, облыстық меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты, ұстаз, есімі ісі қазаққа танымал айтыскер ақын Әлпия Карбозқызы Орманшинаның 70 жасқа толуына орай Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі «Төкпе өлеңнің шебері» атты ақынның өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беретін библиографиялық жаднаманы қалың оқырман назарына ұсынып отыр.

Аталған библиографиялық жаднамаға кітапхана қорындағы материалдар енгізілген.

Айтыстың Аруанасы



Қазақ айтыс өнерінің хас шебері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Әлпия Карбозқызы Орманшина 1955 жылы, 23 ақпанда Қостанай облысы, Амангелді селосында дүниеге келген. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтын бітірген.

Әлпия жастайынан домбыра тартып, ән айтатын. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ оның тырнақ алды өлеңдері республикалық «Ақжелкен», «Қазақстан пионері»

басылымдарында жарияланды.

Алайда оның нағыз ақын ретінде қалыптасуына аудандық «Тың шұғыласы (Амангелді арайы)» газет редакциясының тікелей ықпалы зор болды. Мұнда қызмет істеген белгілі қаламгерлер Еренғайып Әбдіхалықов, Тоқтарбай Байғабылов, Бүркіт Бекетов сияқты ағалары талантты да дарынды жас қызды айтыскер ақын деңгейіне көтере білді.

...Әлпия Орманшина көненің көзіндегі «құлағының тесігі, көкірегінің есігі бар» зерек, жады мықты, суырып салма ақын.

Ол 1986 жылдан бері айтыскер ақын атанып көзге түсіп келеді.

1988 жылы Амангелді кентінде Құтжан Қанжығалин мен Сәт Есенбаевтың құрметіне өткізілген айтыста алғаш рет жеңіске жетті.

1989-1992 жылдар аралығында Алматыдағы «Наурыз» айтысында тұңғыш рет көрермендер көзайымына ие болды. Содан кейін Атыраудағы және Көкшетаудағы айтыстарда бас жүлделерді жеңіп алды. Алматыдағы «Қазақ қандай халық?» атты республикалық айтыста да бірінші орынға көтеріліп, күллі Қостанай мен Торғай өңірінде тұратын ағайындардың мәртебесін асқақтатты. Омбы қаласында өткен қазақ мәдениетінің онкүндігіне қатысып, өнер көрсетті. Қызылжар қаласында ұйымдастырылған аймақтық айтыста бас жүлдені иемденді.

Әлпия Карбозқызы «Мен даламның қызымын...» (2004), «Елік көңіл ойнақтайды далада» (2009), «Ұядан алған ұлағат, ұрпағыма аманат» (2015) атты жыр жинақтардың авторы.

...Автордың туған жерге, достыққа, отбасына, бауырларына, сондай-ақ табиғаттың тылсым сырлары, сезім жырлары және басқа да тақырыптар бойынша жазған жырлары адам көңіліне жылы әсер береді.

...Сонымен қатар Әлпия апамыздың бойына ақындықпен қоса киелі емшілік қасиет пен тігіншілік өнер дарыған. Емшілік кез келгеннің бойына дарымайды. Өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйеніп балалар емдеп, қаншама баланың жанына дауа, тәніне шипа болардай ем тауып, қаншама баланың өміріне араша түсіп келеді. Жоғары кәсіби шеберлігі үшін Қазақстан халық емшілері қауымдастығы ұйымдастырған халықаралық конгрестер мен форумдарға қатысып, қауымдастық тарапынан медальдармен, мақтау қағаздармен, сертификаттармен марапатталған.

...Әлпия апамыздың арнайы тігіншілік мамандығы болмаса да он саусағынан өнер тамған шебер. Бос уақытында қолөнермен айналысып, қазақы оюлар салып ұлттық бұйымдар тігеді.

Бүгінде көрнекті ақын Әлпия Орманшина Қостанай қаласында тұрады. Ол жас ақындарды тәрбиелеп, айтыс өнеріне баулып жүрген ұлағатты ұстаздардың бірі болды. 2007 жылы белгілі айтыскер ақын Қазақстанда алғаш болып «Жас ақындардың үздік ұстазы» атанды. Оның дайындаған шәкірттерін «Қазақстан» ұлттық телеарнасы арқылы көріп, зиялы қауымның айызы қанғаны белгілі.

Өзінің дара талантымен айтыс өнерінің жұлдызы атанған Әлпия Кәрбозқызы Орманшинаның 2015 жылы Ілияс Омаров атындағы Қостанай қазақ драма театрында шығармашылық кеші ұйымдастырылды. Осынау үлкен бас қосуға қазақ халқының мандайына біткен мәдениет қайраткерлері арнайы шақырылды. Онда көрнекті ақындар Жүрсін Ерманов, Серік Тұрғынбеков, Абаш Кәкенов, Айбек Қалиев, Бүркіт Бекетовтер айтыскер ақын қызға шын жүректен шынайы лебіздерін білдірді.

Халықаралық «Үздік адамдар» энциклопедиясына еніп 2016 жылы медальмен марапатталса, Қазақстан Республикасының «Халық және рухани емшілер» мекемесі Әлпия Орманшинаға 2019 жылдың 21 маусымында «Рухани әлеуетті ашу және халықтың денсаулығын сақтау саласындағы ерекше еңбегі үшін» медалін табыстады.

Сонымен қатар Ә.Орманшина 2018 жылы «Аманкелді ауданына 90 жыл» естелік медалімен, 2019 жылы «Бейімбет Майлиннің туғанына 125 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды.

Облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінде, ҚР мәдениет қайраткері айтыскер ақын Әлпия Орманшинаға «Амангелді ауданының құрметті азаматы» атағы табыс етілді.

Саналы ғұмырын өнерге, мәдениет саласына арнаған арқалы ақын апамыз бүгінде құрметті демалыста. Ұрпақ тәрбиелеген әже, отбасының

аруанасы.Бүгінде анасынан көргенін жалғап, қалада тұрса да күбіге көже ашытып, қарынға май салады. Барлық салт-дәстүрді сақтап,шаңырағына келген қонағын барынша қошеметпен қарсы алады.Барын тосып, дастарханын жаяды.Апамыздың қолы берекелі. Сары майды қарынға салып, қыстық соғымды да қайыңмен ыстап кептіріп алады екен.

Әлпия Кәрбозқызы – тәуелсіз Қазақстан тарихында айтыстағы бас жүлдеге тігілген Ойсылқара інгенін тұңғыш жеңіп алған ақын.Сол себепті, ел арасында «Аруана жетектеген ақын», «Аруана ақын» атанып кетті.

Ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан айтыс өнері – ғасырлармен қанаттасып, дәуірлермен үндесіп, заманамен тілдесіп келе жатқан кемел дүние.Ақын Әлпия Орманшинаның жырлары әр жүрекке жол тауып, жатталып жатса, ол ақынның ізденісі мен еңбегінің жемісі.

Туған тілдің уызымен ауызданып, туған елдің төлтума дәстүрінің бар қасиетін бойына дарытып өскен ақынның өлең өлкесінде тіккен ақ Отауының жасауы жарасымды, көз қуантып көңіл сүйсінтеді.Ләйім, өлең отауының түтіні көк әлеміне тік көтеріліп, алыстарға самғай бергей!



Өлеңдері

Әнді дала, дәнді дала Қостанай

Жаны жайсаң кең пейілді досқа бай,
Көрген емес жанашырлар қостамай.
Басын қосқан барлық ұлттың баласын,
Әнді дала, дәнді дала Қостанай.
Ұрпағым деп төккен тамшы терлерін,
Ел намысын ешкімге де бермедің.
Құттықтаймыз мерекенмен бүгінгі,
Егін еккен диқандарым ерлерім.
Бабалардан қалған бізге тиесі,
Еңбек еткен туған жердің иесі.
Сіздер үшін алғысымыз әніміз,
Сақтап жүрсін жер ананың киесі.
Қостанайым ақ нанымен танылды,
Көтеретін биіктерге бағымды.
Тыңдаңыздар көңіліңе нұр құйып,
Күмбірлі күй жадыратсын жаныңды.
Сазды далам сыбызғы үнмен ән салған,
Еңбек қызып, орақ үні жар салған.
Төрт түлігі жайлау сәнін келтіріп,
Арайлы таң, күн шапағын қарсы алған.
Елді таныр елім деген ерменен,
Дән сіңіріп қара жерге терлеген.
Думандатып еңбек күйі күмбірлеп,
Комбайынның сазды әуені тербеген.
Бітік болсын ел ырысы нанымыз.
Шарықтасын бейбіт күнмен әніміз.
Отанымыз, отбасымыз аман боп,
Келер жылы кездесейік бәріміз.

Пейіш мәңгі ананың жүрегінде

Бала үшін пида етер туысын да,
Жауымен де баратын жұлысуға.
Пейішті іздеп алыстан әуре болма,
Біле білсең ананың уысында.

Тал бесікті тербетіп таң атады,
Құлыншағын тұлпар ғып жаратады.
Баласы үшін баратын құрбандыққа,
Пейіш деген ананың алақаны.
Сүрінгенде сүйейтін тірегің де,
Жан дертіңнің табатын бір емін де.
Баласы үшін ойланбай ұсынатын,
Пейіш мәңгі ананың жүрегінде.

Дәлелденген бұл бір сөз баяғыда,
Табындырар анашын аялыда.
Пейіш болса ананың тілегінде,
Ал жұмағың ананың аяғында.

Қостанайым айналайын асқағым!

Шыққан талай еңбек ері майталман,
Берекемен бірлік бары байқалған.
Қостанайым ынтымақтың мекені,
Тың далада ақ бидайы жайқалған.

Бұлт шалмаған қандай әсем бар аспан,
Бел – белесі көк аспанмен таласқан.
Басын қосып барлық ұлттың баласы,
Достығы мен ынтымағы жарасқан.

Туған жерім арқа сүйер асқағым,
Өнер қуған, білімменен жастарың.
Өнді дала,дәнді дала Қостанай,
Шарықтаған әсем әуен аспанын.

Бүгін сені әнге қосып айтамын,
Жырыма да арқау болдың байқадым.
Ақ бидайы тербелетін теңіздей,
Қостанайым киелі өлке байтағым.

Туған қалам жүрегімнің бөлшегі,
Сағынамын сәл көрмесем мен сені.
Қостанайым көз тартатын алыстан,
Тіл жетпейтін сұлулықтың өлшемі.

Құт мекеннің ұрпақ білер бағасын,
Бауырында аялаған баласын.
Көрік беріп, көркейтетін Қостанай,
Сылаңдаған сұлу Тобыл жағасын.
Мен өзіңнен береке мен бақ тапқам,
Ұрпағыма ұмытпастай жаттатқам.
Шаңырағын шайқалмастай көтеріп,
Құтты қалам ошағына от жаққан.
Ашық болсын бұлт шалмаған аспаның,
Елім десін үміт артқан жастарың.
Мақтан тұтып жүрем әркез мен сені.
Қостанайым айналайын асқағым.



Айтыстан үзінді

Мұхамеджан Тазабеков пен Әлпия Орманшинаның айтысынан

Мұхамеджан:

Біссімллә, жайып тастап жыр тақтаны,
Мен келдім кеуделерге гүл таққалы.
Биязы ақын жібектей сөз ширатар,
Қызыл тіл – қызулының ұр тоқпағы.
Ассалаумағалейкум, көңілі аппақ,
Көшпенді елдің көшелі ұрпақтары.
Жақсы атадан қап кеткен жәдігердей,
Ұлылардың бүгінгі ұрпақтары.
Шешен тілмен шегелеп сөз саптайын,
Шешемнің рас болса ұл тапқаны.
Болар ма қазақ тілі мұнша өтімді,
Дүниені теңселткен дүр секілді.
Қызыл тіл қызмет қылсын жүрегіме,
Қожайынға берілген құл секілді.
Мұндайда аруақтың қолдайтыны,
Азбайтұғын пендені шын секілді.
Ақындар жоқтан жонып сөз табады,
Құдыққа қармақ салған қу секілді.
Мөлдіреген ойларың тамшыласын,
Сүңгіден сырғып түскен су секілді.
Сөз сәулесін сүйекке сіңірейін,
Түнліктен түнде түскен нұр секілді.
Желкілдеп кеп желбіреп қайтсам деп ем,
«Қарасайлап!» көтерген ту секілді.
Бабам ғой бүгін маған бағыт берген,
Аруақтанып сөйлейін анық төрден.

Жеңгесімен шыққасын сахнаға,
Жұртымның сәулесі бар жарық берген.
Сыйынайын бабаның аруағына,
Дәл орын алып жатқасын тарих төрден.
Жарықтық аруағыңнан айналайын,
Көл - көсір бар халықты алып келген.
Армысың, айтыстағы бозінгенім,
Қымырандай жұтады сөзіңді елім.
Ағытсам деп өлеңнің өз ілгегін,
Ақ сұңқардай күндіз – түн көз ілмедім.
Жеңеше, көркіңізден көшпепті әлі,
Мылқауға тіл бітірген сезімдерің.
Бетегедей жайқалған сахнада,
Берекелі бәйбіше өзің бе едің.
Апамсың шашы бұлттай, басы күндей,
Әуенің әуедегі қаз үніндей.
Қасыңа батыл басып қайның келді,
Шайырдың шынжыр балақ нәсіліндей.
Май шам боп жарқырасын маңызды ойлар,
Майқы би айтқан сөздің тәсіріндей.
Айтысқа біз айшықты із тастайық,
Түлкінің түнде жортқан тәсіліндей.
Қанжығамыз қампайып қайтсын бүгін,
Кәсібі бар адамның нәсібіндей.

Ақынбыз өлшем болар ар – намысқа,
Айтқан сөз – халыққа үлгі, ханға нұсқа.
Жарқын жүзін көрмесем жеңешемнің,
Алтын жүзік жарамас алданышқа.
Сексенінші жылдармен серіктесіп,
Жалын құшқан жас шағың қалды алыста.
Қайыңның айдарынан сипашы енді,
Мойны озған жүйрік едім әр жарыста.
Халықтың деміне бір тербелсінші,
Бал құрақ басын сүйеп нар қамысқа.

Әлпия:

Қайным-ау, барасың ғой үдеп дейін,

Дегенмен көңіліңді жүдетпейін.

Күттім ғой мен тарығып өлеңіңді,

Көп күткен Төлегенді Жібектейін.

Ақ сеңгір тұра алар ма айға атылмай,
Көрінер бабалардың қайратындай.
Тәкаппар Алатауым, аманбысың,
Бел бермес дұшпаныма айбатымдай.
Тарих қып айта жүрер бабасы бар,
Үкілі үміт күтер баласы бар.
Көп болды ортаңызға келмегелі,
Армысың, Алматылық жанашырлар.

Жібіне жырларымның тізіп арман,
Қуғам жоқ дүниені жүзі жалған.
Тобылдың ар жағынан келіп
тұрмын,
Қас батыр бабамыздың ізі қалған..
Қайным-ау, мен де сырды ұғамын
да,
Салмақсыз түлкі ізінің бұлаңына.
Көңілім биік ұшса айға барар,
Тамаша бұлбұл қонған жайға барар.
Өлеңнің ұйқасымен атап қойдым,
Келінді кешіріңдер, қайынағалар.

Өмірім жақсы көрсем жайланатын,
Жүремін ойға түйіп, ойлап атын.
Жеңген де оңай олжа емес саған,
Ах, десең қанжығаңа байланатын.
Бұл заман заманы екен айлалының,
Түсірдің еске бәрін қайдағының.
Ат қойдың бозінген деп жеңешеңе,
Сөзімді жалғап жібер, тайлақ інім.

Өзіңе жеңге болып шыққаннан соң,
Бабаға келін болып шығамын да.

Жырменен жөргегімнен қатайдым
ба,
Өзіңді арқандап бір матаймын да.
Төрежан, саған жеңге болғаннан соң,
Бабаның атын қалай атаймын да.

Көрейік қайнымызбен байқасып-ай,
Түрі бар домаланған сай тасындай.
Ұрпағы батыр баба өзіңсің ғой,
Өз атын өзі атаған шайқасып-ай.

Темірді түйе берсең балға шығар,
Ер жігіт белін буса жорға шығар.
Бабаның арманы жоқ деп ойлаймын,
Марғасқа Нұрсұлтандай жалғасы
бар.

A decorative title slide for a book review. The background is white with a large, light green, cloud-like shape on the right side. A green ribbon banner curves across the top. On the left end of the banner is a small blue bird perched on a brown log. On the right end is a small brown log with a green plant. The banner is surrounded by yellow and purple flowers. In the bottom left corner, there are more yellow and purple flowers. The text is centered on the white background.

**Мерзімді
басылымдардан**



Айтыс керуені Ұзынкөлде жалғасты

[illegible][illegible][illegible]

Кен даланың қысы едім сыпандыған,
Сусындаған бұлақтан бұзылған.

Кен даланың қызы өдім сылаңдаған,
Сусындаған бұлақтан бұраңдаған
Еске алып жүрегім көйде сыздап,
Ең жайлауды сапынбай тұра алмаған.

Ой-хой шаркн, алаңсыз бала даурен,
Еш нерседен хабарсыз, болмай өүрем
Әл күнге еркіндік, еркелігім,
Байланысты шығар сол даламенен.

Жақсы көрем, жайлауым, қанымымен
Сусындадым өлінің нәрлімен
Асық аспан астында құлпыра бер,
Қыдықтырып қыздарды сәніммен.

Сақталар бұл бір күн өл есінде,
Салғанын тағдырының қолың да

Қазақсыз қиындықтан талай өткен,
Сенімен мәңгі алып кемесіне.

Көшегі аштық деген қиын жұттан,
Шайқасың да, қарғысың да, қызың да.

Торғайым, шабалы май суу. Бал
Жүремиң ұрттасам да мейкім қан
Жандыа жақын әр көз оңын жаңа
Бұл аяқ салмағы мен салынына

Сүйем, сүйем Торғай өзенімді,
Көңгім қаны тамған өз жерімді,
Өздер ай бермесем аңсап жүрем
Жүремді, жүремді, жүремді.

Ана тілім, ауытым, асыл үнім,
Табысып қайта өзіне жеттім бүгін.

Ана тілім, ауылым, қадірлім де,
Сәні келмес өзіңіз анімнің де.

Ана тілім, аяуыым, мақтанысым
Сызылағамын еңір, міне, қанып...

Үлгі:Ақпарат жеткіліксіз

Жалтоқсанның қарамай ығарын
Қазаным деп жас жүрек сырдады
Аждаһаның аузына езі барған,
Аққандың аққан аққан аққан...

Үзілмесін әлдігі өн даламыздан
Үмітіміз ақталып баламыздан.

Көк байрағы елдіктің желеуірін,
Мұра болған ұрпаққа бабамызды

ҚЫНҒА ҚҰРМЕТ

күрметті марапат салтанатты түрде табысталды.

Әлпия Орманшия Амагелді ауданының тумасы. Ол сексенінші жылдары айтыстың қайта орлеу кезеңінде сахнаға шықты. Өнерге ұлттық өнердің дамуына зор үлесін қосты. Алғашқы сәттен көрермен қызығымына айналып, осы саладағы өзіндік стилімен да

ын. Токсаныншы жылдары
еңбегі жарқырап, Көкшетау-
кен республикалық айтыс-
лерге ие болды. Жергілікті
ен шығармашылық байланыс-
тастам әнге сөз жазған.
ырын өнерге, мәдениет са-
бүгінгі марапат несі жерлес-
бағасы бәрінен де қымбат.
Сол кездерден «Жас гүлшар»
асын ұйымдастыра жүріс-
пәкірт тәрбиелеген. Бүгінгі
паштау – еңбегінің зейнеті.
и жыр кітабы жарық көрген.
ада шөкірттері мен үзентіле-
лашу шапып, ыстық лебі

Тәуелсізбін
бүгін мен

— деймін,
қ басқа деймін
іңкі түсіп,
са деймін.

а елдің
қтаған

Тәуелсіздік, еркін елдің бүгін мен,
Отаршылдық туырығыа туылған.
Өз заңым бар, өз байрағым, ураны
Өткенімді ұшастырған бүгінмен.

Тарихымды сараладым бұрынғы,
Өзгерткендей көзқарас пен ұтымды
Ердіңтің қос тізгіні қолымда,
Самалдауға ұрпаққа артар жүгім.

Жаңалыққа елеңдеген ел бүгін,
Өзінді-өзің таны деген берді ұғым.
Бабалардың салған соны соқпағы

Ойға түйін келер ғасыр жарқылы
Үміт пенен қуаныштан шалқыды
Жалғарымда самасына балзамын

Үйрете алсам ана алдин қызыма
Не бір сырлы сазды үнімен сызды

Өз тілінде былдырпаса немерем

Көп тұтас тұрар менің көрегім,
Бесік жыры оралғандай бөлінім,
Өз құрсауын үзіп кетпес шөбере

Елік деген ер боп өсер шалшын,
Кең даланың жырға қосып тасқа,
Өмір деген дариядан өтеді,
Қайғының түзу өсіп өскерін.
Аға жолаң таймай отар ұлдары.

Атажалыңдан тайыпай өтер ұрпағың
Ілессе де жүгі аумаң, көшке мың

Ғысқа арқау болды Тәуелсіздік

Ақынның сарайында Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерейтойына арналған "ата-баба арманы" атты облыстық фестиваль өтті. Оған Қостанай, Рудный, Армавир, Жанкелдин, Қамысты, Қостанай, Семей, Астана қаласын аудандарынан барлығы

Ең алғаш ақын Әлпия Орманшина Өлкенің және Мамай Ізгілігімен бірге өмір, айттың бөтешарын ашты. Бүгінгі басқармасының қызметкері Роза Төлегенова, олар ақылдарға сәт сапар іледі.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



Тақырыбы тәуелсіздік болғандықтан оны жарға қоспай қалған ағар болған ғс. Жетісқан кәтеріп, жастарды қырына ұшыратқан Кремльдің сабырылы. Қайрат-Лозат сияқты ұл-қалдырымыздан қайсарлығы, бағырлығы жар арқауына айналды Тәуелсіз өлімдеді 20 жылда қол жеткізген табыстары. 100-ден астам ұлт меңкерген республикамыздың ұлтаралық татулығы, ел Президенті Н.Назарбаевтың көрегендігі, дүмкеуліктегі абырой-беделі тіеу тикет етілді. Сондай-ақ өлімдеді келесін жайлар – сыйбалас жемқорлық, шаққорлық жетім сөбілердің шет мәмілеттерге атылуы, аумдардағы жұмыссыздық және басқа да шешілмеген ату-аулы

Ауылда,
ауылда-ауылда.

СУРЕТТЕ: айтысқа түскен акындар

Басқа да ашық



«Аруана ақынмен» көріскен күн



Амал мерекесі күні облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы үлгі бөлдерлік бастама жасап отыр. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» шарасы аясында орталық қызметкерлері ҚР Мәдениет қайраткері, айтыстың белгілі майталманы Әлфия Орманшина анамыздың шаңырағына барып, көрісу рәсімін өткізіп келді.

Әлфия Кербозқызы – тәуелсіз Қазақстан тарихында айтыстағы бас жүлдеге тігілген Ойсылқара інгенін тұңғыш жеңіп алған ақын. Сол себепті, ел арасында «Аруана жетектеген ақын», «Аруана ақын» атанып кетті.

– Қазақта үлкенге құрмет көрсету, қадір түту ежелден келе жатқан тәрбие-лік мәні зор дүние. Ата-бабалары-з өлімсақтан Ұлыстың ұлы күні

мерекесі күнінен бастап кенге, қарттарына сәлем беріп, ерекше ілтипат жасап, риялардың батасын алып, шаңырағымыз – өнер-шындығындағы үлкен ардагерлер. Бір жағы апамыз өмірлікте қызмет етті. Оған тесіміз ғана емес, балалардың ақылшымыз болды. Күні де біз ел анасымызды тығыз байланыстамыз. Кеңесін айтып, білмегендерімізді ретіп отырады. Ал көрсетілуімен тоқтап қалмай, өңіріміздің мәдени-рухани не сүбелі үлес қосқан ағайын бару жоспарымызда бар орталық өкілдері.

Сәлем берушілер айтынына кітаптар сыйға тартып, шаңырағымызға – бал, Әлфия ақын меймандарға ақ

Естелік суреттер





Өнердегі анасы Әсия Беркеновамен




Ақмұң Ә.Беркенова және әнімі Сүлейт Байқожиімен



Созмә ардагерлерімен кездесу



Бос уақытында іс тізудімен айналысады





Әлпия Орманшина қазіргі күнде қалада тұрса да күбіге көже ашытып, қарынға май салып қазақтың тұрмыстық салт – дәстүрлерін ұрпаққа паш етіп жүр



Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөліміндегі айтыскер ақын туралы библиографиялық жаднама мен жинақ папка.

Ақынның өлеңдері мен айтыстары жарияланған кітаптар



Мазмұны

1. Құрастырушыдан.....	3
2. Айтыстың Аруанасы.....	4-6
3. Өлеңдері.....	7-9
4. Мұхамеджан Тазабеков пен Әлпия Орманшинаның айтысынан үзінді.....	10-12
5. Мерзімді басылымдардан.....	13-15
6. Естелік суреттер.....	16-18
7. Ақпараттық – библиографиялық қамтамасыз ету бөліміндегі айтыскер ақын туралы библиографиялық жаднама мен жинақ папка.....	18
8. Ақынның өлеңдері мен айтыстары жарияланған кітаптар...	19

Шығ. жауапты: Ж.К. Абжанова
Құрастырушы: М.Г.Жумағалиева
Редакторы: С.А.Алматова

Басуға 17.02.2025 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі: Times New Roman.
Басылымның көлемі: 5
Таралымы: 3 дана

**Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.

Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.

Е – mail:arkounb@mail.ru